

Инкурабельді пациент



Инкурабельді пациент



Бұл жазылмайтын ауру.Әдетте бұндай аурулардың өмірлік қажеттіліктері дәрілерге байланысты,бірақ ауырсынуды басу мақсатында белсенді бірақ бұл жағдайда белсенді өмір сүруге мүмкіндік жоқ.

Инкурабельді пациент бұл кім?

Адам ауруының шегіне жеткен кездегі адам.Қалай қатігез айтылса да,бірақ мұндай жағдайда науқастың тезірек және жеңіл дүниеден өткенін қалайсың. Өкінішке орай кейбір адамдар осындай өліммен ұшырасады.Әсіресе онкологиялық аурулар өршіп тұрған кезде қазіргі таңда әрбір төртінші үйде инкурабельді пациент бар.

Бұл қандай пациент деп сұрасаңыз?

Медицина қызметкерлері жауап береді,бұндай адамдар тіпті біздің науқас емес себебі мұндай науқастарды медицина қызметкерлері емдей алмайды.



Рак-қорқынышты ауру.Егер бұл ауруды ертерек анықтаса емдеуге болады.

3,4 - сатыдағы пациенттерге не істеуге болады?

Дәрігерлердің айтуы бойынша ешқандай үміті жоқ пациенттер ауруханада орын алып жатпауы қажет.



Туысқандарының іс-әрекеті

Инкурабельді онкологиялық пациенттер бұл үлкен әділетсіздікпен соқтығысатын адамдар. Бұл адамдар жерде өмір сүре тұра тозақ отына күйгендей күй кешеді. Бұндай пациенттердің өздеріне ғана емес олардың туған туыстарына да аса ауыртпалық түседі. Науқастың туған туыстары үлкен қиындықтарға тап болады. Себебі: бұл пациенттерге профессиональді медициналық күтімді қажет етеді. Отбасы мүшелері кезекпен-кезек науқастың катетріне, тыныс алуға салатын түтікшеге, физикалық бөлінділеріне, операциядан кейінгі тігістерге таңу жасап және сол науқастың жағымсыз мінезіне көндігіеді. Бірақ, ержүрек деген туысқандарының өзі науқастан шаршауы мүмкін. Расымен де өлім алдындағы пациентке лайықты өмір сүргізу - қиын істердің бірі, бірақ шешімін табуға болады. Мұндай күтімді науқасқа санаулы айлар мен апталар қалса да күтімді жасау керек. Ең бастысы науқастан қол үзбеу және бұндай ауруға шалдыққанына науқастың кіналі еместігін әрдайым есте ұстау.



Дәрігер тағайындаулары

Инкурабельді пациенттерге медициналық қолдауды үзбей көрсетіп, аймақтық онколог дәрігерінің есебінде болуы қажет. Дәрігер науқасқа және оның туыстарына мынадай кеңестер беруі керек:

- Қандай дәрілік препараттар қолданылатыны туралы және оларды қай жерден сатып алу керектігі жөнінде:

Дәрілік рецепт емханада жазылып беріледі, көп жағдайда инкурабельді пациенттерге ауырсынуды басатын дәрілерді жазып береді. Оның өзінде дәрігер оны 5 күнге жазып береді. Кейін қайтадан ауырсыну басталған кезде, науқастың туысқандары емханадан қайтадан рецепт алу керек болады.



Инкурабельді ауруға көмек



“Жедел жәрдем” жұмыстарының тығыздығына және жұмыс графигінің бос еместігіне қарамастан осындай пациенттерге шақыртуға барады. Барлығы бұлай жасай бермейді. Бұндай жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарына хабардар етіп жоғарғы билік басындағыларға инкурабельді пациенттердің өмірін жақсарту туралы заң талап етіледі.

Паллиативті көмек

Инкурабельді пациент паллиативті көмекті аса қажет етеді. Бұл көмек пациентке де және оның туысқандарына аурудың бүкіл сатысында медициналық, әлеуметтік, психологиялық көмек көрсететін негізгі көмек болып табылады. Бұндай терапиялардың барлығы үйде жүргізіледі. Көптеген қалаларда бірыңғай осындай науқастармен жұмыс жасайтын арнайы медицина қызметкерлерінің топтары құрылған. Олар сол пациенттердің үйлеріне аптасына бірнеше рет келіп жалпы жағдайын бақылап, ұсынымдар беріп, әңгімелесулер жүргізеді.

Инкурабельді пациенттерге көрсетілетін паллиативті көмек-бұл ісікке қарсы ем көмек көрсетілмеген кезде ғана жүргізілетін көмек. Бұл көмек науқастардың қалған өмірін ұзартуға жағдай жасайды. Паллиативті көмекті көп жағдайда волонтерлар жүргізеді. Олар пациенттермен ауруханада жатқан кезінде-ақ әңгімелесулер жүргізіледі. Осының арқасында пациент ауруханадан шықпас бұрын отбасы мүшелері көптеген ақпараттар мен психологиялық қолдауға ие болады.



Басты мақсат

Осы аурумен күресу барысында инкурабельді онкологиялық ауруларға ем жүргізеді. Барлық терапиялық көмек көрсетіледі: химиялық сонымен қатар медикоментозды ем және лазермен емдеу. Барлық радиакальды ем нәтижесіз және мақсатқа жете алмайды. Пациент жазылмайтын пациент қатарына жатады. Өзінің көрсеткішіне қарамастан олар жақсы өмір сүруге құқысы бар. Бұл көмектің сапасына паллиативті көмек айналысады. Бұл ұжымның басты мақсаты әрбір пациент ауырсынуын басуға құқылы.



Инкурабельді ауруларға паллиативті көмек

Медицина қызметкерлері, волонтерлер жаңа препараттарды инкурабельді пациенттің туыстарына хабардар етуі қажет. Арнайы ұйымдар ұйымдастыру орталығы әлеуметтік жағдай төмен отбасыларға қымбат дәрілерді алуға көмектеседі. Паллиативті көмектің маңызды функциясы: пациенттің көңілін көтеру жан-жақты ету. Сол себепті волонтерлер пациенттердің үйіне келіп әртүрлі жаттығулар жасатады: сурет салу, ән айту, оқу, қол өнермен және т.б.



Инкурабельді онкологиялық ауру деген не?

Инкурабельді науқас бұл жағдайда осыған ұқсас. Қызметкер мен волонтер өз еркімен қызмет етеді. Ол науқастың үйіне барып көмек көрсетеді: жөргегін ауыстырады, төсегін ауыстырады, жараларын өңдейді. Науқастың туыстары көмек көрсете алмаған жағдайда волонтерлер мен әлеуметтік қызметкер тағамын алуға оларды тамқтандыруға, үй ішін жинап киімін жууға көмектеседі



Хоспистер

Хосписке жатуға инкурабельді пациенттің толық құқығы бар. Бұл жерді қоғам көбінесе түнек жер деп ойлайды, бірақ, бұл қате пікір. Хосписте науқастар өлмейді керісінше өмір сүреді:

Кітаптар жазады, шахмат ойнайды, бақшада серуендейді, теледидар қарайды, газет-журналдар оқиды, бір-бірлерімен өзара тілдеседі. Науқастар ол ауруынан айыға алмайды деп олардың барлық хоббиларынан ажыратып тастауға болмайды.

Егерде қандай да бір отбасында инкурабельді пациент пайда болған болса хосписке жатқызуға науқастың ғана келісімімен болуы шарт. Хосписке жатқызу туысқандарының жағдайын жеңілдетеді себебі хосписте профессиональді мамандар ойылуға қарсы пациенттің психикасына әсер етіп соның жағдайына қарай ауырсынуды басатын препараттарды дайындайды. Бұндай пациенттерге көптеген мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады, ал ішкентай науқастарға әртүрлі сиқыршы кейпіне еніп олардың арман-тілектерін орындауға тырысады. Балаларға қайырымды жандардың қолдауымен ойыншықтар беріліп, атқа мінуге және өздерінің сүйікті әртістерімен екездесуге мүмкіндік жасайды.



Инкурабельді пациенттің отбасындағы проблемалар

Инкурабельді пациенттің отбасындағы проблемаларын шешуде паллиативті көмек және жалпы күтім ерекше орын алады. Пациенттерді жоғалтып алған туысқандары депрессияға жиі ұшырайды. Идентификация түсінігі бойынша жақынынан айырылған адамдар инкурабельді пациент өткен психологиялық стресс сатыларынан өтеді.

❖ ШОКТЫҚ фаза

❖ Жоққа шығару яғни туыстары науқастың жоқтығына сенбей дәрігерлерден көріп басқа дәрігер іздейді.

❖ Агрессия фазасы-осы сатылардың ішіндегі ең ауыр өтетін түрі. Бұл кезде науқас туыстарында суицидалды іс-әрекеттер кездесуі мүмкін бірақ барлығында бірдей емес.

❖ Депрессия фазасы

❖ Көндігу фазасы

Инкурабельді пациенттерге мейірбикелік күтім

1. Этап: Науқас жағдайына баға беру.
2. Этап: Пациент проблемарын анықтау
3. Этап: ➡
4. Этап: ➡

науқасқа күтімді жоспарлау,
жоспарланған күтімді орындау

Күтім жоспары

Дәрігер нұсқауын орындау:	дәрілік препараттарды ішкенін бақылау, дәрілерді науқасқа энтеральды қабылдауға үйрету, парэнтеральды дәрі жіберген кезде болған асқынуларды тез арада диагностикалау, науқастың таңуға және медициналық манипуляцияларды орындағанын бақылап отыру.
Дәрілік препараттардың дозасы	Науқастарға дәрілік препарат жөнінде нақты ақпарат беріп, оны ішкен жағдайда болатын жағымсыз әсер болатынын түсіндіру
Гигиеналық іс-шараларды жүзеге асыруда науқасқа көмек көрсету	Науқасқа және оның туыстарына гигиеналық іс-шараларды жүргізілетіндігі туралы ақпарат беру. Науқастың келісімін алып гигиеналық іс-шараларды жүргізу. Ауыз қуысын жууды, шаш күтімі, тері күтімін ұйымдастырып орындау. Физикалық бөлінулерден кейін күтім жасау
Палатада комфортты жағдайды қалыптастыру	Төсекте жатқан кезде ыңғайлы қалып жасау: кереуеті биік болу, сапалы матрас, жастық пен көрпе саны жеткілікті болуы керек.